

Аналар мектебі

Мақсаты:

Аналардың бала тәрбиесіндегі маңызын айқындау
Отбасылық дәстүрлер мен ұлттық тәрбиені нығайту
Баланың жан-жақты дамуына қолдау көрсету

№	Ай	Іс-шара тақырыбы	Форматы	Мақсаты
1	Қыркүйек	«Ана – мейірімшұары»	Психологиялық тренинг	Ана мен бала арасындағы эмоционалдық байланысты нығайту
2	Қазан	«Дәмді тағамдар шеберлігі»	Шеберлік сыныбы	Ұлттық тағамдар әзірлеу
3	Қараша	«Бала қауіпсіздігі – басты назарда»	Әңгіме, бейнеролик	Үйдегі қауіпсіздік ережелерін меңгерту
4	Желтоқсан	«Қысқы мерекелер әлемі»	Шығармашылық көрсету	Бірлескен мерекелік ұйымдастыру, сахналау
5	Қаңтар	«Денсауы бала – бақытты өмір»	Дәрігер кәсіпшісі	Баланың денсаулығын сақтау жолдары
6	Ақпан	«Ана және өнер»	Көрме	Аналардың өнер туындылары
7	Наурыз	«Наурыз дәстүрлері»	Ұлттық мереке	Дәстүрлі тағамдар мен салттарды таныстыру
8	Сәуір	«Қолдан жасалған»	Экологиялық акция	Мектеп аумағын үлкендіру
9	Мамыр	«Анам – менің тірегім»	Қорытынды көрсету	Жылдық жұмысты қорытындылау

Әкелер мектебі

Мақсаты:

Әкелердің бала тәрбиесіндегі рөлін арттыру

Ұлттық құндылықтар мен отбасылық дәстүрлерді насихаттау

Балалармен бірлескен іс-шаралар арқылы әке мен бала арасындағы байланысты нығайту

№	Ай	Іс-шара тақырыбы	Форматы	Мақсаты
1	Қыркүйек	«Әке – отбасының тірегі»	Дөңгелек үстел	Әкелердің тәрбиелік рөлін талқылау
2	Қазан	«Әкемен бірге спортта»	Спорттық жарыс	Қозғалыс белсенділігін арттыру
3	Қараша	«Отбасылық қауіпсіздік»	Тренинг	Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік ережелерін үйрету
4	Желтоқсан	«Шебер әке»	Шеберлік сыныбы	Ағаш, металл, қолөнер бұйымдарын жасау
5	Қаңтар	«Әкемен бірге оқимын»	Оқу сағаты	Бірге кітап оқу арқылы байланысты нығайту
6	Ақпан	«Әскер – абырой»	Кездесу	Әскери қызметшілермен кездесу, Отан қорғау
7	Наурыз	«Ұлттық ойындар күні»	Ойындар сайысы	Қазақтың ұлттық ойындарын насихаттау
8	Сәуір	«Табиғатты аялау – ұрпақ парызы»	Экологиялық сенбілік	Табиғатты қорғау шаралары
9	Мамыр	«Әкем – менің досым»	Қорытындық кеш	Жыл бойғы нәтижелерді қорытындылау

Әдіскер

А.А.Мусаева

ЖШС «Абзал» бөбекжай бакшасы

Бекітмні:
«Абзал» бөбекжай бакшасы
Менгерушп *М.И.Малдыбаева*



«ӘКЕЛЕР» мектебі

АНЫҚТАМА

16.09.2025ж.

«Әке – отбасының тірегі»

Аталған дөңгелек үстелдің негізгі мақсаты – әкенің отбасы мен бала тәрбиесіндегі рөлін айқындау, әке беделін арттыру және отбасындағы жауапкершілік мәдениетін қалыптастыру болды. Іс-шара барысында әкенің тек материалдық қамтамасыз етуші ғана емес, сонымен қатар баланың тұлғалық қалыптасуына, мінез-құлқының дамуына және өмірлік ұстанымдарының қалыптасуына тікелей ықпал ететін маңызды тұлға екендігі жан-жақты талқыланды.

Дөңгелек үстел барысында әкелер өздерінің бала тәрбиесіндегі тәжірибелерімен бөлісіп, отбасы құндылықтарын сақтау, ұлттық тәрбиені дәріптеу, ұл мен қыз тәрбиесіндегі әкенің орны туралы пікір алмасты. Сонымен қатар қазіргі қоғамдағы әке жауапкершілігі, балаға уақыт бөлу, отбасындағы өзара сыйластық пен түсіністіктің маңызы туралы мәселелер көтерілді.

Педагогтер тарапынан ата-аналарға бала психологиясы, жас ерекшелігіне сай қарым-қатынас жасау және балаға үлгі болудың тәрбиелік мәні жөнінде әдістемелік кеңестер берілді. Іс-шара қорытындысында отбасы тұрақтылығы мен бала тәрбиесіндегі әке беделін нығайтудың маңыздылығы ерекше атап өтілді.

АНЫҚТАМА

17.10.2025ж.

«Әкеммен бірге спортта»

Спорттық жарыстың мақсаты – әкелер мен балалар арасындағы қарым-қатынасты нығайту, салауатты өмір салтын насихаттау және балалардың спортқа деген қызығушылығын арттыру болды. Іс-шара барысында әкелер мен балалар бірлескен эстафеталық жарыстарға, қимылды ойындарға және спорттық сайыстарға белсенді қатысты.

Жарыс кезінде балалардың ептілігі, шапшаңдығы, төзімділігі мен ұйымшылдығы дамытылып, әкелердің бала өміріне белсенді араласуының маңыздылығы көрсетілді. Сонымен қатар спорт арқылы отбасы мүшелері арасындағы сенім, қолдау және ынтымақтастық қарым-қатынастарының қалыптасуына ерекше көңіл бөлінді.

Іс-шара барысында қатысушыларға денсаулықты нығайту, дұрыс күн тәртібін сақтау және дене белсенділігінің адам өміріндегі маңызы туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Жарыс соңында белсенді қатысқан отбасылар марапатталып, көтеріңкі көңіл күй сыйланды.

АНЫҚТАМА

11.11.2025ж.

«Отбасылық қауіпсіздік»

Тренингтің мақсаты – отбасы мүшелерінің қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру, төтенше жағдайлардың алдын алу және ата-аналардың жауапкершілігін арттыру болды. Іс-шара барысында балалардың үйдегі, көшедегі және қоғамдық орындардағы қауіпсіздік ережелері жан-жақты түсіндірілді.

Тренинг кезінде ата-аналарға тұрмыстық қауіпсіздік, өрттің алдын алу, электр құралдарын дұрыс пайдалану, жол қозғалысы ережелері және төтенше жағдайда алғашқы көмек көрсету тәсілдері туралы мәліметтер берілді. Сонымен қатар қазіргі замандағы интернет қауіпсіздігі, балалардың гаджеттерді қауіпсіз қолдануы және ақпараттық қауіп-қатерлерден қорғау мәселелері де қарастырылды.

Қатысушылар түрлі жағдаяттық тапсырмалар орындап, қауіпсіздік ережелерін тәжірибе жүзінде меңгерді. Іс-шара соңында отбасы қауіпсіздігін қамтамасыз ету – әрбір ата-ананың басты міндеті екендігі туралы қорытынды жасалды.

ЖШС «Абзал» бөбекжай бақшасы

АНЫҚТАМА

15.12.2025ж.

«Шебер әке»

Шеберлік сыныбының мақсаты – әкелердің еңбекке баулу мен шығармашылық бағыттағы тәрбиелік рөлін арттыру, балалардың қолөнерге деген қызығушылығын дамыту болды. Іс-шара барысында әкелер балаларымен бірге ағаштан, қағаздан және түрлі табиғи материалдардан бұйымдар жасап, өз шеберліктерін көрсетті.

Шеберлік жұмыстары арқылы балалардың ұсақ моторикасы, ойлау қабілеті, қиялы мен шығармашылық белсенділігі дамытылды. Сонымен қатар еңбекке баулу, ұқыптылық, төзімділік және бастаған істі аяқтау дағдыларын қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінді.

Іс-шара барысында әкелердің бала тәрбиесіне белсенді қатысуы балалардың өзіне деген сенімін арттырып, отбасы ішіндегі эмоционалдық байланысты нығайтатыны айтылды. Шеберлік сыныбы қатысушыларға ерекше әсер қалдырып, бірлескен еңбектің тәрбиелік маңызы зор екендігі көрсетілді.

АНЫҚТАМА

16.01.2026ж.

«Әкеммен бірге оқимын»

Оқу сағатының негізгі мақсаты – балалардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, әке мен бала арасындағы рухани байланысты нығайту және отбасылық оқу дәстүрін қалыптастыру болды. Іс-шара барысында әкелер балаларымен бірге ертегілер, әңгімелер және танымдық шығармаларды оқып, олардың мазмұнын талқылады.

Оқу барысында балалардың сөйлеу мәдениетін дамыту, сөздік қорын байыту, ойлау қабілетін жетілдіру және кітапқа деген сүйіспеншілігін қалыптастыру мәселелеріне ерекше назар аударылды. Сонымен қатар әкелерге баламен бірге кітап оқудың психологиялық және тәрбиелік маңызы туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Іс-шара соңында ата-аналар кітап оқу – баланың интеллектуалдық және рухани дамуының негізгі құралы екендігі жөнінде пікір алмасты. Бірлескен оқу әрекеті отбасы мүшелерінің өзара түсіністігін арттырып, балалардың білімге деген қызығушылығын күшейтті.

АНЫҚТАМА

10.02.2026ж.

«Әскер – абырой»

Кездесудің мақсаты – балаларға патриоттық тәрбие беру, Отан қорғаушыларға деген құрмет сезімін қалыптастыру және әскери мамандықтың маңызын түсіндіру болды. Іс-шараға әскери қызметкерлер немесе ардагерлер шақырылып, олар өз тәжірибелері мен әскери өмірдің ерекшеліктері туралы әңгімеледі.

Кездесу барысында балаларға Отанды қорғау – әр азаматтың қасиетті борышы екендігі түсіндіріліп, ерлік, батылдық, тәртіп және жауапкершілік ұғымдарының мәні ашылды. Сонымен қатар әскери қызметтің қоғамдағы орны, ел тыныштығын сақтаудағы маңызы туралы жан-жақты мәлімет берілді.

Балалар әскери киімдермен, құрал-жабдықтармен танысып, өздерін қызықтырған сұрақтарын қойды. Іс-шара барысында патриоттық әндер орындалып, Отанға деген сүйіспеншілік пен елжандылық қасиеттері насихатталды.

АНЫҚТАМА

21.05.2026ж.

«Әкем – менің досым»

Қорытынды кештің мақсаты – әке мен бала арасындағы достық қарым-қатынасты нығайту, жыл бойғы атқарылған жұмыстарды қорытындылау және отбасы құндылықтарын дәріптеу болды. Іс-шара барысында балалар әкелеріне арнап өлеңдер оқып, ән айтып, шығармашылық өнерлерін көрсетті.

Кеш барысында әкенің бала өміріндегі орны, қамқорлығы, қолдауы және тәрбиелік рөлі туралы тағылымды ойлар айтылды. Сонымен қатар әкелердің бала тәрбиесіне белсенді қатысуы балалардың эмоционалдық тұрақтылығына, өзіне деген сенімінің қалыптасуына және тұлғалық дамуына оң әсер ететіні ерекше атап өтілді.

Жыл бойы өткізілген іс-шаралардың нәтижесінде ата-аналар мен педагогтер арасында тығыз ынтымақтастық орнап, балалардың жан-жақты дамуына қолайлы орта қалыптасты. Қорытынды кеш әкелерге алғыс білдірумен және балалардың жарқын өнер көрсетуімен аяқталды.

28.01.2026ж.

Анықтама

Тақырыбы: «Денсау бала – бақыттыотбасы»

Дәрігер кеңесі форматында ұйымдастырылған бұл іс-шараның мақсаты – балалардың денсаулығын сақтау мен нығайту, ата-аналардың медициналық сауаттылығын арттыру және салауатты өмір салтын қалыптастыру болды. Іс-шара барысында балалардың дұрыс тамақтануы, күн тәртібін сақтау, дене белсенділігі, жеке бас гигиенасы және жұқпалы аурулардың алдын алу жолдары туралы жан-жақты ақпарат берілді.

Медицина қызметкері ата-аналарға баланың иммунитетін күшейту, маусымдық аурулардың алдын алу, дәрумендердің пайдасы және психологиялық саулықтың маңыздылығы жөнінде кеңестер ұсынды. Сонымен қатар балалардың экран алдында ұзақ уақыт отыруының зияны мен таза ауада серуендеудің пайдасы туралы түсіндірілді.

Іс-шара барысында ата-аналар өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, мамандардан нақты жауаптар алды. Нәтижесінде балалар денсаулығын сақтау – отбасы бақыты мен болашақтың кепілі екендігі туралы ортақ түсінік қалыптасты.

19.03.2026ж.

Анықтама

Тақырыбы: «Наурыз дастарханы»

Ұлттық мереке аясында өткізілген бұл іс-шараның мақсаты – қазақ халқының салт-дәстүрлерін, ұлттық тағамдарын және рухани құндылықтарын дәріптеу болды. Ата-аналар мен балалар Наурыз мерекесінің шығу тарихымен танысып, ұлттық тағам түрлерін дайындау ерекшеліктері жөнінде мәлімет алды.

Мерекелік шара барысында ұлттық ойындар ұйымдастырылып, әндер айтылып, билер биленді. Балаларға үлкенді құрметтеу, қонақжайлылық, татулық пен бірлік сияқты ұлттық тәрбиенің негізгі қағидалары түсіндірілді. Сонымен қатар Наурыз көже дайындаудың мағынасы мен оның жеті түрлі дәмнен тұратын тәрбиелік мәні туралы айтылды.

Іс-шара балалардың ұлттық мәдениетке деген қызығушылығын арттырып, ата-аналар мен педагогтер арасындағы ынтымақтастықты нығайтты.

ЖШС «Абзал» бөбекжай бақшасы

03.04.2026ж.

Анықтама

Тақырыбы: «Көгалдандыру күні»

Экологиялық акцияның мақсаты – балаларға табиғатты қорғау мәдениетін қалыптастыру, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу және еңбекке баулу болды. Іс-шара барысында ата-аналар мен балалар бірлесіп ағаш көшеттерін отырғызып, гүл егіп, балабақша ауласын тазарту жұмыстарын жүргізді.

Тәрбиешілер балаларға табиғатты аялаудың маңызы, қоршаған ортаны таза ұстау және экологиялық мәдениетті қалыптастыру туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар өсімдіктердің адам өміріндегі рөлі, ауаның тазалығын сақтаудағы маңызы және табиғатты қорғау әр адамның міндеті екендігі айтылды.

Акция барысында балалар еңбек етуге, ұжыммен жұмыс жасауға және табиғатқа қамқорлық көрсетуге үйренді. Іс-шара нәтижесінде ата-аналар мен балалардың экологиялық мәдениеті артып, қоршаған ортаға деген жанашырлық сезімі қалыптасты.